

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ

Балтабай Назерке Қайратқызы

nazerke.kayratovna@bk.ru

6B01301- «Білім беру беру деңгейінің педагогы» білім бағдарламасының 2 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр - **Испанова Э.Ж.**

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі әлемдік үрдістерге сәйкес келетін мектептегі білім беру саласындағы жаңа басымдықтарды айқын көрсетті. «Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында» білім беруді жаңғыртудың жетістігі білім берудің өзгерген парадигмасы жағдайында педагогтердің жұмысқа кәсіби - жеке дайындығының деңгейімен тікелей байланысты екендігі, дамушы қазақстандық қоғамға таңдау жағдайында өз бетінше жауапты шешімдер қабылдай алатын, оларды болжай алатын заманауи білімді, адамгершілікке тәрбиеленген, іскер адамдар қажет екендігі көрсетілген [1].

Педагогикалық теория мен практикада «функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет ХХ ғасырдың 60-жылдарының соңында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды. Функционалдық сауаттылық неғұрлым кең анықтамада білім берудің (ең алдымен жалпы) көп қырлы адам әрекетімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаны әлеуметтік бағдарлау тәсілі ретінде әрекет етеді. Қазіргі әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың белсенді

қатысуына ықпал ететін негізгі факторлардың біріне яғни, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызмет, сондай-ақ өмір бойы оқытуға айналуға.

Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеруі екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді [2].

Функционалдық сауаттылық мәселесін білім берудің философиялық деңгейінде Б.С.Гершунский, В.В.Мацкевич, С.А.Крупник, үздіксіз білім беру аспектісі ретінде С.А.Тангян, И.А.Колесникова, құзыреттілік қатынас контекстінде А.В. Хуторской, О.Е. Лебедев және т.б. ресейлік ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырған.

И.А.Мещеряков функционалдық сауаттылық - дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу деп анықтама берді.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын (қр үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы), қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, пәндік сауаттылық, функционалды сауаттылық, оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың игерген құзіреттіліктеріне байланысты ғалымдар, В.В. Давыдов, А.А. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.А. Болотов, О.Е.Лебедев, И.А. Зимняя, А.К. Маркова, С.Г. Молчанов, Г.К. Селевко, В.В. Сериков, В.А. Слостенин, А.В. Хуторской, М.Ж.Жадрина, С.Д.Мұқанова, И.И.Бим, Ф.Ш.Оразбаева, Е.И.Пассов, В.Л.Ляховицкий, Н.Сауранбаев, С.Кеңесбаев, С.Жиенбаев, Т.Ахметов, Ғ.Бегалиев, А.Айдаров, Ж.Д.Адамбаева, Б.Б.Құлмағамбетова, К.Ы.Сариева, М.М.Артықова, жүргізілген зерттеулерінде көрініс табады [3].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі бөлігі болып табылады. Келешек ұрпақты сауатты етіп тәрбиелеу Қазақстандағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында көрсетілген болып, онда оқушылардың құзыреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін дамыту көзделген. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманда білім беру жүйесінде «Функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру ең өзекті мәселеге айналып отыр.

Функционалдық сауаттылық - бұл оқушылардың мектепте оқып жүрген кезінде қол жеткізе алатын білім деңгейі және адамның өмірдің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілетін болжайды.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуі және оған тезірек бейімделіп, жұмыс істеуі. Адамның қарапайым қысқа *мәтіндерді оқу, түсіну, құрастыру және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеті* сияқты қарапайым сауаттылықтан айырмашылығы, функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білім, білік және дағдылардың деңгейі. Белгілі бір мәдени ортада адамның өмір сүруіне қажетті минимум болып саналатын әлеуметтік қатынастар жүйесі.

Функционалды сауатты адам — бұл әлемге бағдарланған және әлеуметтік құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сәйкес әрекет ететін адам.

Мектеп оқушыларының «функционалдық сауаттылығын» дамыту PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық бағдарламасымен бағаланады. Ол Қазақстандағы орта білім берудің маңызды бөлігі болып табылады және білім мен ғылымды дамытудың 2012, 2016, 2020 жылдарындағы мемлекеттік бағдарламаларында көрсетілген. Сондықтан бұл салаға Қазақстандағы зерттеушілер, мектеп бағдарламаларын әзірлеушілер және мектеп мұғалімдері ерекше көңіл бөледі. Бұл ретте, функционалдық сауаттылық тұжырымдамасының өзі, сондай-ақ онымен байланысты базалық/түйінді дағдылар тұжырымдамасы жылдам дамуда, өзгеруде және кеңеюде. Сондықтан оқушылар арасында функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыттары мен өзгерістерін анықтай отырып, оны дамытудың толық және егжей-тегжейлі перспективасын ұсынуға мүмкіндік беретін тұрақты тұтас шолу қажет.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөліктеріне: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, қаржылық сауаттылық, жаһандық құзыреттер мен сыни ойлау жатады.

Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамытуға бөлімшені оқытудың әрбір мақсаты бағытталғанын түсіну маңызды, сондықтан мақсатқа жету әр бөлімді зерделеу кезінде ойластырылуы тиіс.

Сауаттылықтың әртүрлі аспектілерін біріктіретін кіріктіру тәсілі де пайдалы және тиімді болуы мүмкін. Бұл тәсіл арқылы білім алушылар әртүрлі пәндер мен білім салалары арасындағы байланысты түсінеді, сол арқылы әлемді тереңірек және жан-жақты түсінуге мүмкіндігі туады. Әр пәнде сауаттылықтың барлық түрлерін кешенді дамыту үшін оқытудың келесі белсенді әдістері ұсынылады:

1) тақырыптық жобалар: әртүрлі пәндердің элементтерін біріктіреді. Мысалы, экология жобасы ғылыми мақалаларды оқуды, эксперименттер жүргізуді, статистикалық деректерді талдауды және компьютерлік құралдарды қолдана отырып презентация жасауды қамтиды.

2) интерактивті тапсырмалар: мәтінді талдауды, математикалық есептеулер және компьютерлік дағдыларды қолдануды қажет ететін тапсырмалар. Мысалы, білім алушылар ғылыми мақалаларды зерттей алады, негізгі ақпаратты бөліп көрсетеді, деректерді график түрінде ұсынады және олардың нәтижелерін компьютерлік презентацияларды қолдана отырып көрсете алады.

3) қызығушылықтарына қарай зерттеулер мен жобалар: білім алушыларды қызықтыратын тақырыптарды зерттеуде оларға қолдау көрсету үшін қолдануға болады. Мысалы, егер білім алушы ғарышқа қызығушылық танытса, ол осы тақырыпта ғылыми мақалаларды оқып, арнайы математикалық есептеулерді шығарып, компьютерлік модельдер жасай алады және зерттеген тақырыбы бойынша презентациялар жасайды.

4) проблемаға бағытталған тәсіл: шынайы проблеманы шешу тұрғысынан оқытуда қолдануға болады. Жауапты іздеу үшін білім мен дағдылардың әр түрін талап ететін сұрақтарды пайдалану.

5) топтық жұмыс: топтағы әр білім алушының қызығушылығы мен дағдысына қарай өз үлесін қоса алатындай жұмыс түрлері. Мұндай топтық жобалар білім алушыларға сауаттылықтың әртүрлі аспектілерін біріктіріп, бір уақытта бірнеше пәннің мазмұнын байланыстыра отырып жұмыс жасауға мүмкіндік береді [4].

Оқу сауаттылығы – «жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау қабілеті. Білім алушылар диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер және 18 графиктер түрінде берілген әртүрлі жанрдағы мәтінді түсіну, ақпаратты табу, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлану, оның мәні мен мағынасын бағалау қабілетін көрсетуі тиіс». Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін бастауыш сыныптардан бастап әр түрлі мәтіндерді, соның ішінде электронды мәтіндерді қолдану қажет, өйткені білім алушылар әртүрлі формада: диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер мен графиктер түрінде ұсынылған әртүрлі

жанрдағы мәтінді түсіну қабілетін көрсетуі қажет, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлау, оның мәні мен мағынасын бағалау.

Математикалық сауаттылық – негізделген математикалық пайымдаулар жасау және әртүрлі контекстегі есептерді шешу үшін математиканы қолдану және түсіндіре білу қабілеті. Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін нақты өмірлік жағдаяттармен байланысты әртүрлі процестердің математикалық модельдерін құру дағдыларын дамытуға, логикалық, сыни және кеңістіктік ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмаларды; кесте, диаграмма, график және т.б. түрінде берілген статистикалық мәліметтерді талдау және өңдеуге байланысты практикалық тапсырмаларды қарастырған жөн. Сонымен қатар, мәтінді есептерді шығару, оның ішінде пайызға берілген тапсырмаларды орындау ұсынылады.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық PISA-2025 халықаралық зерттеуінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (ЖФС) бағыты басты назарға алынады. Анықтамаға сәйкес жаратылыстану-ғылыми сауаттылық іс-әрекетті негіздеу үшін ғылым, тұрақты даму және технология туралы дәлелді ойлау қабілетін білдіреді. Ол үшін келесі білік пен дағдыларды дамытуға ерекше назар аудару ұсынылады: 1) табиғи және технологиялық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру; 2) ғылыми зерттеулер жобаларын әзірлеу және бағалау, сондай-ақ ғылыми деректерді түсіндіру; 3) жаһандық, жергілікті немесе жеке сипаттағы мәселелерді зерттеу, ғылыми ақпаратты бағалау және оны шешімдер қабылдауда пайдалану. Осыған сәйкес жоғарыда аталған білік пен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған ЖФС тапсырмаларын қолдану ұсынылады.

Жаһандық құзыреттілік пен креативті ойлауды дамыту үшін цифрлық технологияларды сауатты пайдалану маңызды. Сондықтан компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты қамтамасыз ететін дағдыларды дамыту қажет: ақпаратты іздеу, берілген контексте ақпараттың пайдалылығын бағалау қабілеті және оның мазмұны мен пайда болуы жағынан анықтылығы, әртүрлі ақпараттық құрылғылармен және құралдармен жұмыс және т.б., сондай-ақ компьютерлік сауаттылық практикалық мәселелерді шешуге, басқа оқу пәндері бойынша тапсырмаларды орындауға ықпал етуі керек.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының оқу, жазу сауаттылығын, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын, математикалық сауаттылығын, компьютерлік сауаттылығын, денсаулық мәселесіндегі сауаттылықты, құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады [5].

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынатын нысандар анықталды:

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары); оқыту нысандары мен әдістері;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
- барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

ЫІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған бастауыш сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру, PIRLS критерийлерін қолдана отырып, тілдік пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындауда [6].

Бастауыш мектепте функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және дамыту функционалдық сауаттылықтың негізін қалайды, мұнда мұғалім маңызды рөл атқарады, ол педагогикалық технологиялардың көмегімен оқушының негізгі құзыреттерін қалыптастырады. Әлемдік білім беру кеңістігіне кірудің табыстылық көрсеткіштерінің бірі - функционалды білім

беруді қалыптастыру болып табылатын халықаралық білім беру стандарттарын орындау болып табылады.

Бастауыш мектеп оқушыларына оқыту мен тәрбиелеу нәтижесі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тұрмыс- тіршілікте қолдана алуына бағытталуы - білімнің білікке, біліктің қолдана білуге ұласуының бірден-бір кепілі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасы
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген.
4. PISA-2012 15 жастағы білім алушылардың білім жетістіктерін халықаралық зерттеудің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. - - Астана: НЦОКО. 2013. - 283 б.
5. Оқушылардың мәтіндегі функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда аchiev ата-алдыңғналар және ықпалын тұраын бағалау. 22 б. сауаттылғн АСТАНА 2015
6. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.